## Перед тем как обратиться в Авторизованный Сервисный центр:

- Убедитесь, что вы не можете устранить неисправность самостоятельно (см. с. 11).
- Запустите программу повторно для проверки исправности машины.
- В противном случае обратитесь в Авторизованный Сервисный центр по телефону, указанному в гарантийном документе.

! Не пользуйтесь услугами лиц, не уполномоченных Производителем.

При ремонте требуйте использования оригинальных запасных частей.

## При обращении в Авторизованный Сервисный центр сообщите:

- тип неисправности;
- номер гарантийного документа (сервисной книжки, сервисного сертификата и т.п.);
- модель машины (Мод.) и серийный номер (S/N), указанные в информационной табличке, расположенной на задней панели стиральной машины.

Другую полезную информацию и новости Вы можете найти на сайте [www.indesit.com](http://www.indesit.com) в разделе «Сервис».

# Пайдалану нұсқаулығы

KİR ЖУҒЫШ МАШИНА

KZ

Қазақша

KZ

## Мазмұны

### Орнату, 14-15

Орамасынан шығару және тегістеу  
Су құбырына және электр желісіне қосу  
Бірінші жуу циклы  
Техникалық деректері

### Кір жуғыш машина сипаттамасы, 16-17

Басқару тақтасы  
Дисплей

### Жуу циклын іске қосу, 18

### Жуу циклдары мен опциялары, 19

Жуу циклдарының кестесі  
Жуу опциялары

### Жуғыш заттар мен кірлер, 20

Жуғыш зат тартпасы  
Кірлерді дайындау  
Арнайы жуу циклдары  
Жұкті тәнестіру жүйесі

### Сақтандырулар мен кеңестер, 21

Жалпы қауіпсіздік  
Қоқысқа тастау

### Күтім көрсету және техникалық қызмет көрсету, 22

Су мен токты өшіру  
Кір жуғыш машинаны тазалау  
Жуғыш зат тартпасын тазалау  
Құрылғының есіргі мен барабанына күтім көрсету  
Сорғыны тазалау  
Судың кіріс тұтігін тексеру

### Ақаулықтарды жою, 23

### Қызмет көрсету, 24



KZ.O.02.0361

# Орнату

KZ

! Бұл нұсқаулықты сақтаңыз. Ол кір жуғыш машинаны сатып алған, берген немесе жаңа пәтерге көшкен жағдайларда жабдықпен бірге болуы қажет, яғни жаңа иесі оның жұмыс істеу және оған қызмет көрсету ережелерімен таныса алатын болуы керек.

! Нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз: онда кір жуғыш машинаны орнату мен пайдалану қауіпсіздігі туралы маңызды мәліметтер берілген.

## Орамасынан шығару және тегістейу

### Орамасынан шығару

1. Кір жуғыш машинаны орамасынан шығарыңыз.
2. Жабдықтың тасымалдау кезінде бүлінбегеніне көз жеткізіңіз. Бүлінген болса – машинаны қоспаңыз – тез арада жеткізушимен хабарласыңыз.
3. Кір жуғыш машинаның артқы жағында орналасқан төрт тасымалдау винті мен төсемесі бар резенке тығындарды алып тастаңыз (сур. қара.).
4. Тесіктерді қоса берілген пластик тығындарымен жабыңыз.
5. Барлық бөлшектерін сақтаңыз: олар кір жуғыш машинаны тағы да тасымалдағанда қажет болады.

! Балалардың орама материалдармен ойнауына рұқсат етпеніз.

### Тегістейу

1. Кір жуғыш машинаны тегіс және мықты еденге, ол қабырғаға, жинаға немесе басқа нәрселерге тимейтіндей етіп, орналастырыңыз.
2. Машинаны орнатқаннан кейін оның алдыңғы аяқтарын бұрау арқылы тұрақтандырыңыз (сур. қара.).  
Ол үшін әуелі контрграйканы босату керек, бейімдеп болғаннан кейін контрграйканы қайтара


тартып қойыңыз. Машинаны орнатқаннан кейін корпустың жоғарғы қақпағының тегістік деңгейін тексерініз, көлденен дігінің ауытқуы 2°-тан артық болмауы керек.

Жабдықты дұрыс тегістеп қою шудан, дірілден және машина жұмыс істеп тұрған кезде орнынан қозғалудан арылуға көмектеседі.


Егер кір жуғыш машина кілем төсделген еденде тұрған болса, оның түбінің кілемнен жоғары тұрғандығына көз жеткізіңіз. Керінше жағдайда, желдетілуі қыындаиды немесе мүлде тоқтап қалады.

## Су құбырына және электр желісіне қосу

### Су құйғыш шлангіні қосу



1. А фитингін кіріс тұтігінің шетіне салып, тұтікті суық су шумегіне 3/4 газдық бұранда қосылымын пайдалана отырып бұрап жалғаңыз (суретті қараныз). Жалғамас бұрын су тап-таза болғанша, оны ағызып алыңыз.




2. Су құйғыш шлангіні кір жуғыш машинаға қосыңыз, ол үшін оны машинаның артында оң жақ жоғарысында орналасқан су қабылдағышқа бұрап қосыңыз (сур.қара.).


3. Шлангінің қатты бұралмағанына және қысылып қалмағанына көз жеткізіңіз.

- !
- Су қысымы Техникалық сипаттамалар кестесінде көрсетілген мәндер шегінде болу керек. (3-бетті қара).
  - Егер су құбыры шлангінің ұзындығы жеткіліксіз болса, Авторландырылған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
  - Бұрын қолданыста болған шлангілерді ешқашан пайдаланбаңыз.

## Ағызу түтігін жағау



Ағызу түтігін майыстырмай, еденнен 65-100 см жоғары орналасқан ағызу құбырына немесе қабырғадағы канализация құбырына жағаңыз;



немесе, оны ваннаға салып, берілген түтікті шүмекке бекітіңіз (сүретті қараңыз). Түтіктің шеті су астында болмауы тиіс.

! Түтікті ұзартуға қарсымыз; бірақ басқа амалы болмаса, ұзарту түтігінің диаметрі бастапқы түтіктің диаметрімен бірдей болуы және оның ұзындығы 150 см-ден аспауы керек.

## Электр қосылымдары

Құрылғыны розеткаға қоспас бұрын, мына жағдайларға көз жеткізіңіз:

- розетка жерге тұйықталған және қолданыстағы занды ережелерге сәйкес келеді;
- розетка Техникалық деректер кестесінде көрсетілген құрылғының ең жоғарғы қуатына тәзімді (жанындағы ақпаратты қараңыз);
- қуат көзінің кернеуі Техникалық деректер кестесіндегі мәндер ауқымында (жанындағы ақпаратты қараңыз);
- розетка кір жуғыш машинаның айырына сәйкес келеді. Олай болмаса, розетканы немесе айырды ауыстырыңыз.

! Жабық жер болса да, кір жуғыш машинаны сыртта орнатпау қажет. Құрылғыны жаңбыр, боран және басқа да аяу-райы жағдайларында қалдыру аса қауіпті.

! Кір жуғыш машина орнатылғаннан кейін розеткаға оңай қол жеткізу мүмкін болуы тиіс.

! Бірнеше розеткалар мен ұзартқыш сымдарын пайдаланбаңыз.

! Сымды майыстыруға немесе оған қысым салуға болмайды.

! Ток сымын тек өкілетті мамандар ауыстыруы тиіс.

Ескеरту! Осы ережелер сақталмаған жағдайда, компания жауапты болмайды.

## Бірінші жуу циклы

Құрылғы орнатылғаннан кейін және оны алғаш рет пайдаланбас бұрын, 2-жуу циклын қолдана отырып, жуғыш затпен кірлерді салмай-ақ, жуу циклын іске қосыңыз.

## Техникалық деректері

Үлгі	IWE 6105
Өлшемдері	ені 59,5 см биіктігі 85 см терендірі 52,5 см
Сыйымдылығы	1 - 6 кг
Электр қосылымдары	құрылғыға бекітілген техникалық деректер тақтасын қараңыз
Су қосылымдары	ең жоғары қысым 1 МПа (10 бар) ең темен қысым 0,05 МПа (0,5 бар) барабан сыйымдылығы 46 литр
Айналдыру жылдамдығы	1000 айналым/мин мәніне дейін
Куатты есептеу бағдарламалары мына стандартқа сәйкес:	2 бағдарламасы; температура 60°C; 6 кг жүкті қолдана отырып. EN 60456




Бұл құрылғы төмендегі ЕО директиваларына сәйкес келеді:  
 - 2004/108/EC (Электр магниттік үлесімділік)  
 - 2006/95/EC (Төмен кернеу)  
 - 2002/96/EC

# Кір жуғыш машина сипаттамасы

KZ

## Басқару тақтасы



**Жуғыш заттар тартауды:** жуғыш заттар мен жуғыш қосындыларды енгізу үшін пайдаланылады («Жуғыш заттар мен кірлер» тарауын қараңыз»).

**ҚОСУ/ӨШІРУ** түймесі ⚡: оны құрылғыны қосу немесе өшіру үшін аз уақыт басыңыз. **БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҮРҮ** индикатор шамы жасыл түспен баяу жыптылықтап тұрса, демек құрылғы қосылған. Жуу циклы барысында кір жуғыш машинаны өшіру үшін, түймені шамамен 2 секунд басып ұстап тұрыңыз; егер түйме аз уақыт немесе кездейсоқ басылса, құрылғы өшпейді. Құрылғы жуу циклы барысында өшірілсе, бұл жуу циклы додарылады.

**ЖУУ ЦИКЛЫ** тұтқасы: қажетті жуу циклын орнату үшін пайдаланылады («Жуу циклдарының кестесін» қараңыз).

Индикатор шамдары бар **ОПЦИЯ** түймелері: бар опцияларды таңдау үшін қолданылады. Таңдалған опцияға сәйкес келетін индикатор шамы жаңып тұрады.

**СЫГУ** түймесі ⚡: сығу циклын азайту немесе толығымен алып тастау үшін басыңыз – мәні дисплейде көрсетіледі.

**ТЕМПЕРАТУРА** түймесі °C: температуралы азайту немесе толығымен алып тастау үшін басыңыз: мәні дисплейде көрсетіледі.


**КЕШІКТІРІП БАСТАУ** түймесі ⚡: таңдалған жуу циклы үшін кешіктіріп бастауды орнату үшін басыңыз. Кешіктіру уақыты дисплейде көрсетіледі.

Индикатор шамы бар **БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҮРҮ** түймесі ⚡: жасыл индикатор шамы баяу жыптылықтап тұрғанда, жуу циклын бастау үшін түймені басыңыз. Цикл басталғаннан кейін индикатор шамы бір қалыпта жаңып тұрады. Жуу циклын тоқтата тұру үшін, түймені тағы бір рет басыңыз; индикатор шамы қызығылт сары түспен жыптылықтайды. ⚡ таңбасы жанса, демек есікті ашуға болады. Жуу циклын тоқтатылған жерінен бастау үшін түймені тағы бір рет басыңыз.

## Күту режимі

Осы кір жуғыш машина, жаңа қуатты үнемдеу ережелеріне сәйкес, ешбір әрекет байқалмаса, шамамен 30 минуттан кейін қосылатын автоматты күту жүйесімен жабдықталған. ҚОСУ-ӨШІРУ түймесін аз уақыт басып, құрылғының іске қосылуын күтіңіз.

## Дисплей



Дисплей құрылғыны бағдарламалаган кезде пайдалы және өте көп ақпарат береді.

Бар бағдарламалардың мерзімі мен іске қосылған циклдың аяқталуына дейін қалған уақыт **A** бөлімінде көрсетіледі; КЕШІКТІРІП БАСТАУ опциясы орнатылған болса, таңдалған бағдарламаның басталуына дейінгі кері санақ көрсетіледі. Тиісті түйиме басылғанда, таңдалған циклдың ең жоғары температурасы мен сыйғу жылдамдығының мәндерін немесе, таңдалған циклмен үйлесімді болса, ең соңғы рет қолданылған параметрлерді құрылғы автоматтты түрде көрсетеді.

Таңдалған бағдарламаға қатысты «бағдарлама кезендері» және орындалып жатқан «бағдарлама кезеңі» **B** бөлімінде көрсетіледі:

- ❖ Жуу
- ❖ Шаю
- ◎ Сыйғу
- ❖ Ағызу

«Температура» **O**, «Бағдарламаланған басталу» **⌚** және «сыйғу» **◎** опцияларына сәйкес келетін белгішелер **C** бөлімінде жоғарыдан төмен қарай көрсетіледі.

**O** таңбасы жанса, дисплейде орнатылған «температура» мәні көрсетіледі.

«Кешіктіріп бастау» орнатылған болса, **⌚** таңбасы жанады.

**◎** таңбасы жанса, дисплейде орнатылған «сыйғу» мәні көрсетіледі.

### «Есік құлыптаулы» таңбасы **🔒**

Жаңып түрган таңба есік құлыптаулы екенін білдіреді. Кез келген зақымның алдын алу үшін есікті ашпас бұрын таңбаның сөнгенін күтіңіз.

Цикл орындалып жатқан кезде есікті ашу үшін БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҮРУ түймесін басыңыз; ЕСІК ҚҰЛЫПТАУЛЫ **🔒** таңбасы өшсе, есікті ашуга болады.

# Жуу циклын іске қосу

KZ

1. **ҚҰРЫЛҒЫНЫ ҚОСЫҢЫЗ.** Ⓡ түймесін басыңыз; БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҮРУ индикатор шамы жасыл түспен баяу жыпылықтайды.

2. **КІРЛЕРДІ САЛЫҢЫЗ.** Есікті ашыңыз. Келесі беттегі бағдарламалардың кестесінде көрсетілген ең көп жүк мәнінен асып кетпеуге назар аударып, кірлерді салыңыз.

3. **ЖУҒЫШ ЗАТТЫ ӨЛШЕҢІЗ.** Жуғыш зат тартпасын ашып, «Жуғыш заттар мен кірлер» тарауында айтылғанмен сәйкес жуғыш затты тиісті бөлікке салыңыз.

4. **ЕСІКТІ ЖАБЫҢЫЗ.**

5. **ЖУУ ЦИКЛЫН ТАНДАҢЫЗ.** Жуу циклы тұтқасын қажетті бағдарламаға орнатыңыз; ербір жуу циклы үшін температура мен сығу жылдамдығы орнатылған; оларды реттеуге болады. Дисплейде циклдың мерзімі көрсетіледі.

6. **ЖУУ ЦИКЛЫН ӨЗГЕРТІҢІЗ.** Тиісті түймелерді қолданыңыз:

🌡️ Ⓡ **Температура және/немесе сығу жылдамдығын өзгерту.** Таңдалған циклдың ең жоғарғы температурасы мен сығу жылдамдығының мәндерін немесе, таңдалған циклмен үйлесімді болса, ең соңғы рет қолданылған параметрлерді құрылғы автоматты түрде көрсетеді. 🕒 түймесін басу арқылы температураны сұық сүмен жуудың «OFF» параметріне жеткенше төмendetuge болады. Ⓡ түймесін басу арқылы сығу жылдамдығын толығымен өшірілгенше, біртіндеп төмendetuge болады («OFF» параметрі). Бұл түймелер тағыда басылса, ең жоғарғы мәндер қалпына келеді.

⌚ **Кешіктіріп бастауды орнату.**

Таңдалған бағдарлама үшін кешіктіріп бастауды орнату үшін, қажетті кешіктіру мерзіміне дейін жеткенше тиісті түймені қайта-қайта басыңыз. Бұл опция қосылғанда, дисплейде Ⓡ таңбасы жанады. Кешіктіріп бастау опциясын алып тастау үшін дисплейде «ӨШІРУЛ!» мәтіні көрсетілгенше түймені басыңыз.

EcoTime 🌱 🌸 **Цикл параметрлерін өзгерту.**

- Опцияны қосу үшін түймені басыңыз; түймеге сәйкес келетін индикатор шамы жанады.
- Опцияны өшіру үшін түймені тағы бір рет басыңыз; индикатор шамы сөнеді.

! Таңдалған опция бағдарламаланған жуу циклымен үйлесімді болмаса, индикатор шамы жыпылықтайды және опция қосылмайды.

! Таңдалған опция оған дейін таңдалған опциямен үйлесімді болмаса, таңдалған бірінші опцияға тиісті индикатор шамы жыпылықтайды және тек екінші опция қосылады; қосылған опцияға сәйкес келетін индикатор шамы жанып тұрады.

! Опциялар ұсынылатын жүк мәніне және/немесе циклдың мерзіміне әсер етуі мүмкін.

7. **БАҒДАРЛАМАНЫ БАСТАУ.** БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҮРУ түймесін басыңыз. Тиісті индикатор шамы жасыл түспен қалыпты түрде жанып тұрады және есік құлыпталады (ЕСІК ҚҰЛЫПТАУЛЫ Ⓡ таңбасы жанады). Орындалып жатқан жуу циклын өзгерту үшін БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҮРУ түймесінің көмегімен кір жуғыш машинаны тоқтатып қойыңыз (БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҮРУ индикатор шамы қызығылт сары түспен баяу жыпылықтайды); одан кейін қажетті циклды таңдал, БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҮРУ түймесін тағы бір рет басыңыз.

Цикл орындалып жатқан кезде есікті ашу үшін БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҮРУ түймесін басыңыз; ЕСІК ҚҰЛЫПТАУЛЫ Ⓡ таңбасы өшсө, есікті ашуға болады. Жуу циклын тоқтатылған жерінен қайта бастау үшін БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҮРУ түймесін тағы бір рет басыңыз.

8. **ЖУУ ЦИКЛЫНЫҢ СОҢЫ.** Мұны дисплейдегі «END» мәтіні білдіреді; ЕСІК ҚҰЛЫПТАУЛЫ Ⓡ таңбасы өшкенде есікті ашуға болады. Есікті ашып, кірлерді алыңыз да, құрылғыны өшірініз.

! Басталып қойған циклды доғару қажет болса, Ⓡ түймесін басып ұстап тұрыңыз. Цикл тоқтатылады және құрылғы өшеді.

# Жуу циклдары мен опциялары

(i) Indesit

## Жуу циклдарының кестесі

Жуу циклдары	Жуу циклының сипаттамасы	Ең жоғ. темп. (°C)	Ең жоғ. жылдамдық (ай/мин)	Жуғыш заттар				Ең жоғ. жүк (кг)	Цикл мерзімі	
				Алдын ала жуу	Жуу	Ағартқыш	Кондици- онер			
<b>Күнделікті</b>										
1	Алдын ала жуу бар Мақта: өте қатты кірленген ақ киімдер.	90°	1000	●	●	-	●	6	-	
2	Мақта: өте қатты кірленген ақ киімдер.	90°	1000	-	●	●	●	6	-	
2	Мақта (1): қатты ластанған ақ заттар мен төзімді түрлі түсті кірлер.	60°	1000	-	●	●	●	6	-	
2	Мақта (2): қатты ластанған ақ заттар мен нәзік түрлі түсті кірлер.	40°	1000	-	●	●	●	6	-	
3	Мақта: қатты ластанған ақ заттар мен төзімді түрлі түсті кірлер.	60°	1000	-	●	●	●	6	3,25	
4	Түрлі түсті мақта кірлер(3): аз ластанған ақ заттар мен нәзік түрлі түсті кірлер.	40°	1000	-	●	●	●	6	3,25	
5	Синтетика: қатты ластанған төзімді түрлі түсті кірлер.	60°	800	-	●	●	●	2,5	2	
6	Синтетика: Аз ластанған нәзік түрлі түсті кірлер.	40°	800	-	●	●	●	2,5	2	
<b>Арнайы</b>										
7	Жұн: жун, кашемир және т.б. үшін.	40°	600	-	●	-	●	1,5	-	
8	Жібек/перделер: жібек пен вискозадан жасалған кімдер, іш кімдер үшін.	30°	0	-	●	-	●	1	-	
9	Джинсы	40°	800	-	●	-	●	3	-	
10	Тез: аз ластанған кімдерді жылдам жуып алу үшін (жұннен немесе жібектен жасалған және қолмен жууды қажет ететін кімдер үшін жарамайды).	30°	800	-	●	-	●	1,5	-	
11	Сыртқы кімдер	30°	400	-	●	-	-	2	-	
<b>Спорт</b>										
12	Женелі спорт	30°	600	-	●	-	●	3	-	
13	Спортық аяқ-кімдер	30°	600	-	●	-	●	Ең көбі 2 жуп	-	
<b>Толық емес жуу циклдары</b>										
	Шаю	-	1000	-	-	●	●	6	-	
	Сығу	-	1000	-	-	-	-	6	-	
	Ағызу	-	0	-	-	-	-	6	-	

Дисплейде немесе осы кітапшада көрсетілген циклдың мерзімі тек шамамен берілген және ол стандарттың жұмысы жағдайларына сәйкес есептеледі. Нәкты мерзім су температурасы мен қысымы, қолданылған жуғыш зат мөлшері, салынған кірлердің мөлшері мен түрі, жүктің тенесстірілуі және таңдалған кез келген опциялар сияқты ықпалдарға байланысты болады.

Барлық синақ мәкемелері үшін:

- 1) Жуу циклын EN 60456 стандартына сәйкес тексеріліп: 2 жуу циклын 60°C температурасымен таңдаңыз.
- 2) Мақтадан жасалған заттарға арналған ұзақ жуу циклы: 2 жуу циклын 40°C температурасымен орнатыңыз.
- 3) Мақтадан жасалған заттарға арналған қысқа жуу циклы: 4 жуу циклын 40°C температурасымен орнатыңыз.


## Жуу опциялары

### Eco Time

Бұл опцияны таңдау барабан айналымын, температура мен суды аз ластанған мақта мен синтетикалық талшықтарлың аз жүгіне қолайлы түрде реттеуге мүмкіндік береді («Жуу циклдарының кестесін» қаранды). «Eco Time» су мен токты үнемдеп, аз үақытта жууға мүмкіндік береді. Жұқ мөлшеріне сәйкес өлшенген сұйық жуғыш затты пайдаланған жән.

! Оны 1, 2, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, , ,  бағдарламаларымен қолдануға болмайды.

### Дақтарды кетіру



Бұл опция кетпей қоятын дақтарды кетіруге ерекше пайдалы. Қосымша 4 бөлікті (бірге беріледі) 1-бөлікке қойыңыз. Ағартқыштың құйған кезде ортаңғы өзекте белгіленген «так» деңгейінен асып кетпеуге назар аударыңыз («suptemti» қаранды). Ағарту циклын бөлек іске

косу үшін ағартқышты 4-бөлікке құйыңыз, «Шаю»  бағдарламасын орнатыңыз және «Дақтарды кетіру»  опциясын қосыңыз. Жуу циклы барысында ағарту үшін, жуғыш зат пен қолданыңыз келетін кез келген кондиционерді құйыңыз, одан кейін қажетті жуу циклын

орнатып, «Дақтарды кетіру»  опциясын қосыңыз. Қосымша 4-бөлік пайдаланылса, «Алдын ала жуу» опциясы іstemейді.

! Оны 1, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, ,  бағдарламаларымен қолдануға болмайды.

### Қосымша шаю

Бұл опцияны таңдау арқылы шаудың тиімділігі артады және жуғыш затты оңтайлы түрде шығару орындалады. Ол әсіресе сезімтал тери үшін пайдалы.

! Оны 10, ,  бағдарламаларымен қолдануға болмайды.

### Оңай үтіктеу

Бұл функцияны таңдау арқылы жуу және сығу циклдары тыртыстардың пайда болуын азайтатында өзгертуледі. Циклдың аяғында кір жуғыш машинаның барабаны баяу айналады; ОҢАЙ ҮТІКТЕУ және БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҮРУ опцияларының индикатор шамдары жыпылықтайты (біріншісі жасыл, екіншісі қызылтартылған).

Циклды аяқтау үшін БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҮРУ түймесін немесе ОҢАЙ ҮТІКТЕУ түймесін басыңыз. 8 - 11 жуу циклы үшін, құрылғы циклдың кірлерінде сұға салынып түрғанда аяқтайты және ОҢАЙ ҮТІКТЕУ мен БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҮРУ индикатор шамдары жыпылықтайты.

Кірлерді алу мақсатында суды ағызу үшін БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҮРУ түймесін немесе ОҢАЙ ҮТІКТЕУ түймесін басыңыз. ! Бұл функцияны 7, 9, 10, 12, 13, ,  жуу циклдарымен қолдануға болмайды.


Жуу циклдарының мерзімін дисплейде көрүге болады.

# Жұғыш заттар мен кірлер

KZ

## Жұғыш зат тартпасы

Жақсы жуу нәтижесіне қол жеткізу жұғыш заттың дұрыс мөлшеріне де байланысты болады: тым көп жұғыш зат қосылса, жуу міндетті түрде тиімдірек болмайды және шынында құрылғы ішінде қалдықтардың түзілуіне және қоршаған ортаны ластауға әкелуі мүмкін.



! Қолмен жууға арналған жұғыш заттарды қолданбаңыз, себебі олар тым көп кебік түзеді. Жұғыш зат тартпасын ашып, жұғыш затты немесе жұғыш қосындыны тәмендегідей салыңыз.

**1-бөлік: Алдын-ала жууға арналған жұғыш зат (ұнтақ)**  
Жұғыш затты салмас бұрын, қосымша 4-бөлік алынғанына көз жеткізіңіз.

**2-бөлік: Жуу циклына арналған жұғыш зат (ұнтақ немесе сұйықтық)**

Сұйық жұғыш затты жуу циклы басталмас бұрын сәл уақыт қалғанда құю керек.

**3-бөлік: Қосындылар (кондиционерлер және т.б.)**

Кондиционер белгіден асып кетпеуі керек.

**қосымша 4-бөлік: Ағартқыш**

## Кірлерді дайындау

- Кірлерді мына жағдайларға байланысты бөлініз:
  - мата түрі/жапсырмадағы таңба
  - түстер: түрлі-түсті киімдердің ақ киімдерден бөлініз.
- Қалталарды босатып, түймелерді тексеріңіз.
- Келтірілген мәндерден асып кетпеніз, олар кірлердің құрғақ кезіндегі салмағын береді:

Төзімді маталар: ең көп 6 кг

Синтетикалық маталар: ең көп 2,5 кг

Нәзік маталар: ең көп 2 кг

Жұн: ең көп 1,5 кг

Жібек: ең көп 1 кг

## Кірлердің салмағы қандай?

- 1 ақжайма 400-500 г
- 1 жастықпап 150-200 г
- 1 асжаулық 400-500 г
- 1 монша халаты 900-1200 г
- 1 орамал 150-250 г

## Арнайы жуу циклдары

**Жұн:** тіпті жапсырмасында «тек қолмен жуу» жазуы бар жұн киімдерін қоса, барлық жұн киімдерін 7-бағдарламамен жууға болады. Ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін арнайы жұғыш заттың қолданыңыз және 1,5 кг кір салмағынан аспаңыз.

**Жібек:** жібек киімдерді жуу үшін арнайы 8-жуу циклын қолданыңыз. Нәзік киімдерді жууға арналған арнайы жұғыш заттарды пайдаланған абзал.

**Перделер:** перделерді бүктеп, жастыққапқа немесе тор сөмкеге салыңыз. 8-жуу циклын қолданыңыз.

**Джинсы:** Жуудан бұрын киімдердің ішін сыртқа қаратыңыз және сұйық жұғыш зат пайдаланыңыз. 9-бағдарламаны қолданыңыз.

**Тез:** бұл жуу циклы аз кірленген киімдерді жылдам жууға арналған: оның мерзімі – 15 минут, сондықтан қуат пен уақыттың үнемдейді. Бұл жуу циклын таңдау арқылы (10, 30°C) ең көп 1,5 кг салып, әртүрлі маталарды бірге жууға болады (жұн мен жібек заттарынан басқа).

**Сыртқы киімдер (11 жуу циклы):** су тепкіш маталар мен қысқы курткаларды (мысалы, Gore-Tex, полиэфир, нейлон) жууға қолданылады; ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін сұйық жұғыш затты жарты жүккө есептелген мөлшерде пайдаланыңыз; қажет болса, жағаларды, жеңдерді және дақтарды алдын ала өндөңіз; кондиционерлердің немесе құрамында кондиционер бар жұғыш заттарды қолданбаңыз.

*Iши толтырылған мамық көрпелерді бұл бағдарламамен жууға болмайды.*

**Женіл спорт (12 жуу циклы):** аз ластанған спорттық киім маталарын (спорттық костюмдер, шолақ шалбарлар және т.б.) жууға арналған; ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін «Жуу циклдарының кестесіндегі» көрсетілген ең көп жүк мәнінен асып кетпеу жөн. Сұйық жұғыш затты жартылай жүктеуге қолайлы мөлшерде қолдануды ұсынамыз.

**Спорттық аяқ-киімдер (13 жуу циклы):** спорттық аяқ-киімдерді жууға арналған; ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін бір уақытта 2-ден көп аяқ-киім жұбын жумаңыз.

## Жүкті тенестіру жүйесі

Әрбір сыйғу циклынан бұрын, шамадан тыс дірілдеудің алдын алу және жүкті біркелкі түрде тарату үшін, барабан жуу кезіндегі айналу жылдамдығын сәл көбірек жылдамдықпен айналып түрады. Егер бірнеше әрекеттен кейін жүк дұрыс тенестірілмесе, құрылғы тәмендетілген сыйғу жылдамдығында айналдырады. Егер жүк тым тенестірілмеген болса, құрылғы сыйғу орнына тарату үдерісін орындаиды. Жүктің таралуы мен тенестірілуін жақсарту үшін кіші және үлкен киімдерді аралас салуды ұсынамыз.

! Бұл кір жуғыш машина халықаралық қауіпсіздік ережелеріне сай өндептіліп шығарылған. Тәмендегі ақпарат қауіпсіздік ережелерін ескеरту мақсатында берілген және оны мүқият оқып шығу қажет.

KZ

## Жалпы қауіпсіздік

- Бұл құрылғы қауіпсіздіктеріне жауапты адам құрылғыны қолдану бойынша кеңес не нұсқау бермеген жағдайда, дene, сезіну немесе ой қабілеті төмен немесе тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз адамдармен (оның ішінде балалармен) қолданылуға арналған. Балалар құрылғымен ойнамауы үшін оларды бақылау керек.
- Бұл құрылғы тек үйде пайдаланылуға арналған.
- Құрылғыны жалаң аяқ немесе қолыңыз немесе аяғыңыз ылғал болғанда ұстамаңыз.
- Құрылғыны розеткадан ағытқан кезде ток кабелінен ұстап тартпаңыз. Айырды ұстап тартыңыз.
- Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде жуғыш зат тартпасын ашпаңыз.
- Ағызылған суға тименіз, себебі оның температурасы өте жоғары болуы мүмкін.
- Есікті күштеп тартпаңыз. Әйтпесе, кездейсоқ ашудан қорғауға арналған қауіпсіздік құлпы механизмі зақымдалуы мүмкін.
- Құрылғы бұзылып қалса, ешбір жағдайда өз бетінізben жөндеу мақсатында ішкі бөліктерге тилюі болмаңыз.
- Әрқашанда балаларды құрылғыдан алыс ұстаныз.
- Жуу циклы барысында есік қатты қызып кетуі мүмкін.
- Құрылғыны жылжыту керек болса, екі немесе үш адамнан тұратын топпен жұмыс істеніз және де өте абай болыңыз. Мұны жалғыз өзініз орындаушы болмаңыз, себебі құрылғы өте ауыр.
- Кірлерді кір жуғыш машинаға салмас бұрын, барабан бос екеніне көз жеткізіңіз.

## Қоқысқа тастау


- Орама материалдарын қоқысқа тастау: ораманың қайта пайдаланылуы мүмкін болатындей жергілікті ережелерді орындаңыз.
- Электр және электроникалық құралдардың қалдықтарына қатысты 2002/96/ЕС Еуропа заннамасына сәйкес үй құрылғылары қалыпты сортталмаған қалапық қалдық ағымымен бірге жойылмауы тиіс. Қоршаган орта мен адам денсаулығына тиетін зиянның алдын ала отырып, есік құрылғылар қайта пайдалануды және қайта өндеуді оңтайландыру мақсатында бөлек жиналуды керек. Өнімдегі сыйылған «донғалақты қоқыс жәшік» сізге құрылғыны тастаған уақытта бөлек жиналуды туралы есінізге салады. Есік құрылғыларды дұрыс тастау жөнінде ақпарат алу үшін пайдаланушылар жергілікті өкілдеріне немесе сатушыларына хабарласулары керек.

# Күтім көрсету және техникалық қызмет көрсету

KZ

## Су мен токты өшіру

- Әрбір жуу циклынан кейін су шүмелгін жауып отырыңыз. Бұл кір жуғыш машинаның ішіндегі гидравликалық жүйенің тозуын шектейді және су ағып кетудің алдын алуға көмектеседі.
- Кір жуғыш машинаны тазалаған кезде және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын орындаған кезде оны токтан ажыратыңыз.




2. қақпақты сағат тіліне қарсы бағытта бұры арқылы бұрап шығарып алыңыз (*суретті қараңыз*): кішкене су ағып кетуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай;

## Кір жуғыш машинаны тазалау

Құрылғының сыртқы жақтары мен резенкеден жасалған құрамдас бөліктерін жылы сабынды сумен суланған жұмсақ шүберекпен тазалауға болады. Еріткіштерді немесе абразивті заттарды қолданбаңыз.

## Жуғыш зат тартпасын тазалау



Диспенсерді көтеріп, тарту арқылы шығарып алыңыз (*суретті қараңыз*). Оны су ағыны астында жуыңыз; бұл әрекетті жиі қайталап тұру керек.

- ішін жақсылап тазалаңыз;
- қақпақты орнына бұраңыз;
- құрылғыға итеріп салмас бұрын, ілмектері орнына мықтап отырғанына көз жеткізіп, панельді орнына қойыңыз.

## Судың кіріс тұтігін тексеру

Кіріс тұтігін кем дегендे жылына бір рет тексерініз. Шатынаған болса, оны дереу ауыстыру керек: жуу циклдарының барысында су қысымы өте жоғары болады және шатынаған тұтік жарылып кетуі өбден мүмкін.

! Бұрын қолданылған тұтіктерді пайдаланушы болмаңыз.


## Құрылғының есігі мен барабанына күтім көрсету

- Жағымсыз иістер пайда болмауы үшін есікті әрқашан сәл ашып қою керек.

## Сорғыны тазалау

Кір жуғыш машина ешбір техникалық қызмет көрсетудің қажет етпейтін, өзін-өзі тазалайтын сорғымен жабдықталған. Кейде кіші заттар (тиындар немесе түймелер сияқты) сорғының төменгі жағындағы, оны қорғайтын алдыңғы камераға түсіп кетуі мүмкін.

! Жуу циклы аяқталғанына көз жеткізіңіз де, құрылғыны розеткадан ағытыңыз.



Алдыңғы камераға қол жеткізу үшін:

- бұрағыштың көмегімен, кір жуғыш машинаның алдыңғы төмен бөлігіндегі қақпақ панелін алып тастаңыз (*суретті қараңыз*);

# Ақаулықтарды жою



Кір жуғыш машина жұмыс істемей қалуы мүмкін. Техникалық көмек көрсету орталығына хабарласпас бұрын («Көмек» тарауын қаранды), төмендегі тізімді қолдана отырып ақаулықты оңай шешу мүмкін емес екендігіне көз жеткізіңіз.

## Ақаулық:

### Кір жуғыш машина қосылмайды.

## Ықтимал себептері / шешімдері:

- Құрылғы розеткаға толығымен қосылмаған немесе түйіспейді.
- Үйде ток жоқ.

### Жуу циклы басталмайды.

- Кір жуғыш машина есігі дұрыс жабылмаған.
- ҚОСУ/ӨШІРУ түймесі басылмаған.
- БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҮРУ түймесі басылмаған.
- Су шүмелі ашылмаған.
- Кешіктіріп бастау орнатылған («Жуу циклын іске қосу» тарауын қаранды).

### Кір жуғыш машинаға су толтырылмайды («H2O» мәтіні дисплейде жыптықтайты).

- Судың кіріс түтігі шүмелкө қосылмаған.
- Түтік майыстырылған.
- Су шүмелі ашылмаған.
- Үйде су жоқ.
- Қысым тым тәмен.
- БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҮРУ түймесі басылмаған.

### Кір жуғыш машина сумен толып, оны ағызып тұра береді.

- Ағызу түтігі еденнен 65-100 см биіктікте орналастырылмаған («Орнату» тарауын қаранды).
- Түтіктің бос шеті су астында («Орнату» тарауын қаранды).
- Қабырғадағы канализация жүйесі сапун құбырымен жабдықталмаған. Осы тексерулерден кейін де проблема шешілмесе, су шүмелін жауып, құрылғыны өшіріндей де, Көмек беру қызметіне хабарласыңыз. Егер ғимараттың жоғарғы қабаттарының бірінде тұратын болсаңыз, суды ағызуға байланысты проблемалар болуы мүмкін, оның нәтижесінде кір жуғыш машина сумен толып, оны ағызып тұра беруі мүмкін. Дүкендерде арнайы ағызуға қарсы клапандар бар, олар бұл проблеманы шешуге көмектеседі.

### Кір жуғыш машина суды ағызбайды не сықпайды.

- Жуу циклында ағызу жоқ: кейбір жуу циклдары ағызу кезеңінің қолмен басталуын қажет етеді.
- «Оңай үтіктеу» опциясы қосылған: Жуу циклын аяқтау үшін БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҮРУ түймесін басыңыз («Жуу циклдары мен опциялары» тарауын қаранды).
- Ағызу түтігі майысқан («Орнату» тарауын қаранды).
- Ағызу түтігі бітелген.

### Кір жуғыш машина сұғыу циклы барысында көп дірілдейді.

- Орнату кезінде барабанның бұғаты дұрыс алынбаған («Орнату» тарауын қаранды).
- Кір жуғыш машина тұзу емес («Орнату» тарауын қаранды).
- Кір жуғыш машина шкафттар мен қабырғалар арасына қойылған («Орнату» тарауын қаранды).

### Кір жуғыш машинадан су ағады.

- Судың кіріс түтігі дұрыс бұралып мықталмаған («Орнату» тарауын қаранды).
- Жуғыш зат тартпасы бітелген (оны тазалау туралы нұсқауларды «Күтім көрсету және техникалық қызмет көрсету» тарауынан қаранды).
- Ағызу түтігі дұрыс бекітілмеген («Орнату» тарауын қаранды).

### «Опция» және «бастау/тоқтата тұру» индикатор шамдары жылдам жыптықтайты және дисплейде қате коды көрсетіледі (мысалы, F-01, F-..).

- Құрылғыны өшіріп, оны токтан ағытыңыз, одан кейін шамамен 1 минут күтіндей де, оны қайтадан қосыңыз. Проблема шешілмесе, Техникалық көмек көрсету қызметіне хабарласыңыз.

### Тым көп көбік болады.

- Жуғыш зат кір жуғыш машинаға қолайлы емес (онда «кір жуғыш машиналарға арналған», «қолмен жууға және кір жуғыш машинаға арналған» немесе осыған ұқсас жазу болуы керек).
- Тым көп жуғыш зат қолданылған.

**Техникалық қолдау орталығына хабарласпас бұрын:**

- Ақаулықты өзіңіз шеше алғатыныңызды тексерініз («Ақаулықтарды жою» тарауын қараңыз);
- Ақаулық шешілгенін тексеру үшін бағдарламаны қайтадан бастаңыз;
- Олай болмаса, кепілдік күелігінде берілген телефон нөмірі бойынша өкілетті Техникалық көмек беру орталығына хабарласыңыз.

!  
! Тек уәкілетті мамандардан көмек сұраңыз.

**Келесі мәліметтерді оңай жерде ұстаңыз:**

- ақаулықтың түрі;
- құрылғының моделі (Мод.);
- сериялық нөмірі (С/н).

Бұл ақпаратты кір жуғыш машинаның артқы жағына бекітілген және есікті ашу арқылы құрылғының алдынан көруге болатын техникалық деректер тақтасынан табуға болады.